

Орман қоры жерінің жекелеген учаскесін басқа санаттағы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 мамырдағы N 536 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 130-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі "Ақкөл" мемлекеттік мекемесінің орман қорының жерінен алаңы 1,0926 гектар (оның ішінде 0,48 гектар - орман алаптары, 0,4526 гектар - ашық алаңқайлар, жолдар, орман соқпақтары, 0,16 гектар - жартас) жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер санатына ауыстырылсын.

2. Ақмола облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесінің "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) ғарыш аппараттарын жерден басқару кешенін және байланыс мониторингі жүйесін салуға берілуін қамтамасыз етсін.

3. Қоғам орман алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсатқа пайдалану үшін оларды алумен туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі